

Информатика кафедрасының материалдық техникалық базасы

Компьютерлік сыныптар туралы мәлімет.

6В01503-Информатика мұғалімін даярлау, 7М01503-Информатика педагогін даярлау, 8Д01503-Информатика педагогін даярлау және 6В01503-Математика-Информатика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында Информатика кафедрасында төмендегідей компьютерлік сыныптар толықтай жабдықталып, іске қосылған. Олар: 411–информатиканы оқытудың әдістемесі кабинеті, 239, 242 -робототехника кабинеттері және 244, 245, 246, 247 компьютерлік сыныптары.

Сонымен қатар, зертханалар мен кабинеттерде интерактивті SMART, ESPriT тақталары, МФУ, компьютерлер бар және Интернет желісіне қосылған. Компьютерлік сыныптар толық жөндеуден өткізілген. Жарық көзі, су құбырлары стандартқа сай жүргізілген.

Компьютер сыныптары мынадай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген: Моноблок HP Pavilion 23 CoreI5 - 30 дана, Моноблок Pro One600 CoreI7 – 51 дана, Моноблок HuntKey – 9 дана, Проектор–Optoma 7 дана, Интерактивная доска Memory Specialist WB – 9000 D (85)SE – 7 дана, мультимедийный цифровой подиум 2 дана, 3D - принтер 2 дана, робототехника Lego mindstorms education EV3 (комплект) 7 дана.

Санитарлық нормаға сәйкес техника қауіпсіздік бұрышы жабдықталған (техника қауіпсіздік ережесі, өрт қауіпсіздік ережесін сақтау нұсқасы, жұмыс орнындағы нұсқаулықтарды тіркеу журналы, өрт сөндіргіш ГОСТ 51057-2001, аптечка, алғашқы көмекке арналған ерітінділер 1% CH₃COOH6, 1% NaHCO₃). Әр кварталда оқытушылар және студенттер ТБ және ПБ нұсқаулықтармен танысып, тіркеу журналына қол қойылады.

Әр компьютерлік сынып паспорттарында қондырғылар мен құрал-жабдықтар, жиһаздар тіркелген.



